

DEXP

Пайдаланушы нұсқаулығы

**Электр шайнек
DEXP DL-13ST**

Мазмұны

Сақтық шаралары	4
Құрылғының сұлбасы	5
Пайдалану нұсқаулығы	6
Суды қайнату.....	6
Сусыз қосылуынан бұғаттау	6
Қызмет көрсету және күтім жасау	6
Сақтау	7
Қақты бейтараптандыру	7
Шәйнектегі бөгде иістерден арылтуға қатысты кеңестер	7
Техникалық сипаттамалар.....	8
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары	8
Қосымша ақпарат	9

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз. Шәйнек тұрмыстық жағдайларда суды ысытып қайнатуға арналған.

Сақтық шаралары

1. Құрылғын қуат көзіне жалғамас бұрын, үйдегі электр желісінің кернеуі техникалық сипаттамаларға сәйкес келетініне көз жеткізіп алыңыз.
2. Шәйнектің ыстық беттеріне қол тигізбеңіз.
3. Шәйнекті, оның сымын немесе штепсельдік ашасын суға салуға болмайды.
4. Балалардың қасында шәйнек қолданған кезде абай болыңыз.
5. Тазалау алдында құрылғыны электр желісінен ажыратып, суытыңыз.
6. Көрінетін зақым ақаулары анықталған жағдайда шәйнекті пайдаланбаңыз.
7. Сымы немесе ашасы бүлінген құрылғыны пайдалануға болмайды. Қуат сымын ауыстыру үшін өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
8. Құрылғы коммерциялық мақсаттарға пайдалануға арналып жасалмаған.
9. Құрылғыны тегіс тұрақты бетке онату керек. • Құрылғыны жылу көздеріне (жылытқыштар, жылыту батареялары және т.б.), ыстық беттерге (электр немесе газ плиталары) жақын қоймаңыз.
10. Алдымен шәйнекке суды құйыңыз, содан кейін оны тұғырға қойыңыз.
11. Шәйнекті тек мақсатына сәйкес пайдаланыңыз.
12. Шәйнекті қоспас бұрын, қақпақтың жабық екеніне көз жеткізіңіз. Ешқашан суды қақпағы ашық кезде қайнатпаңыз.
13. Шәйнекті ыстық сумен жылжытқанда абай болыңыз.
14. Бұл құрылғыны балаларға және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдарға, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа жандардың бақылаусыз пайдалануға болмайды. Балаларға бұл құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
15. Шәйнектің ішіне судан басқа қандайда бір сұйықтықтарды қайнатуға болмайды.
16. Егер шәйнекті бөлмеге аяздан әкелсеңіз, оны бөлме температурасына дейін жылытуға 2 сағат беріңіз. Оны бірден желіге қосуға болмайды.
17. Шәйнекті тек бастапқы платформасымен пайдаланыңыз.
18. Қыздыру барысында шәйнекті ұстамаңыз және оны тасымалдамаңыз.
19. Шәйнекке тек суық су құйыңыз.
20. Керекті деген көлемнен асыра шәйнекке су толтыра құймаңыз, өйткені ол қайнаған кезде асып төгілуі мүмкін.
21. Құрылғыға зақым келтірмеу үшін немесе жарақаттанбау үшін өндіруші ұсынбаған керек-жарақтарды пайдаланбаңыз.

Құрылғының сұлбасы



1. Шәйнектің корпусы.
2. Өлшегіш меже.
3. Шүмегі.
4. Қақпағы.
5. Қақпақты ашатын батырма.
6. Тұтқасы.
7. Іске қосатын батырмасы (жұмыс индикаторымен).
8. Тұғыры.

Пайдалану нұсқаулығы

Суды қайнату

1. Шәйнекті тегіс, құрғақ бетке орнықтырып қойыңыз.
2. Шайнекті платформадан алыңыз, қақпақты ашыңыз, шайнекке қажетті деңгейге дейін сун толтырыңыз және қақпақты жабыңыз. Су деңгейі MIN белгісінен кем болмауы керек, бірақ MAX белгісінен аспауы керек, өйткені егер шәйнекте су аз болса, ол су қайнағанға дейін өшеді.

Ескерту: шайнекті толтырған кезде MAX белгісінен аспаңыз, өйткені бұл жағдайда қайнау кезінде су төгілуі мүмкін.

3. Шәйнекті тұғырына орнықтырыңыз.
4. Қуаттау кабелін желіге қосыңыз. Шәйнекті іске қосыңыз. Шәйнекте индикатор жанады, су ыси бастайды. Су қайнаған сәтте шәйнек автоматты түрде өшіріледі. Егер суды қайтадан қайнатқыңыз келсе, 30 секунд күтіп барып, шайнекті қайтадан қосыңыз. Егер судың қызуын тоқтатқыңыз келсе, түймені басу арқылы шайнекті өшіріңіз немесе оны платформадан шығарыңыз.

Ескерту: қуаттау батырмасына ештеңе кедергі келтірмейтініне және шайнектің қақпағы жабылғанына көз жеткізіңіз, әйтпесе шайнек өшпейді.

5. Шәйнекті тұғырынан алып оған су құйыңыз.

Назар аударыңыз: күйіп қалмас үшін ыстық су құйған кезде абай болыңыз. Егер шәйнекте ыстық су болса, онда қақпақты ашпаңыз.

6. Шәйнек қуаттау батырмасын басқанша суды қайтадан қайната бастамайды.
7. Егер сіз шайнекті қолданбасаңыз, онда ол тұғырында тұруы мүмкін.

Назар аударыңыз: Егер шәйнекті ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, қуат кабелін электр желісінен ажыратыңыз.

Сусыз қосылуынан бұғаттау

Егер шайнекті сусыз қосқан болсаңыз, бсуды өшіру функциясы шайнекті автоматты түрде өшіреді. Осыдан кейін шайнекті суытып, содан кейін оған су құйып қосыңыз.

Қызмет көрсету және күтім жасау

- Қақпағын ашыңыз да шәйнекті босатыңыз.
- Тазалар алдында үнемі құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Шәйнек толықтай суығанына көз жеткізіп алыңыз.
- Ешқашан шайнекті, қуаттау кабелін немесе оның тұғырын суға батырмаңыз.
- Шәйнекті құрғақ таза жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Шәйнекті тазалауға ешқашан да қырнауыш заттарды пайдалануға болмайды.
- Сүзгісін үнемі тазалау керек.

Сақтау

- Шайнекті өшіріңіз де, оны электр желісінен ажыратыңыз. Шайнекті суытыңыз.
- Нұсқаулықтарын орындап отырып, шайнекті тазартыңыз.
- Сақтау үшін қуат сымын платформаның ішкі жағына орау ұсынылады.
- Шайнекті құрғақ салқын жерге орнықтырыңыз..

Қақты бейтараптандыру

Құбыр суындағы көптеген қоспалар шайнектің металл бөліктерінде қақтың пайда болуына әкеледі, бұл сусын мен тамақтың дәміне кері әсер етеді. Мұны бейтараптандыру үшін арнайы қақтан тазартқыштарды қолдануға немесе келесі кеңестерге жүгінуге болады:

- Шайнекке 3 стакан ақ сірке суын құйыңыз, МАХ деңгейіне су қосыңыз. Шайнекті дайындалған қоспамен түні бойы қалдырыңыз.
- Қоспаны шайнектен төгіңіз, оған су құйып, қайнатып, төгіңіз. Сірке суының иісі шайнектен шыққанша процедураны бірнеше рет қайталаңыз. Дымқыл сүлгінің көмегімен қалған қақты сүртіп кетіріңіз.

Шайнектегі бөгде иістерден арылтуға қатысты кеңестер

Суды қайнатқаннан кейін сыртқы иістерден біржола құтылу үшін және оның жағымсыз дәмін сусындардан тазарту үшін төменде сипатталған әдістердің бірін қолданыңыз:

1. Лимон шырыны. Ол үшін үш - төрт лимон алыңыз да, оларды сығыңыз, содан кейін алынған шырынды шайнекке құйыңыз, оны МАХ белгісіне дейін сумен толтырыңыз және қайнатыңыз. Осыдан кейін, ерітіндіні 12 сағатқа қалдырыңыз және шайнекті қайтадан қайнатыңыз, содан кейін шайнекті суық ағынды сумен шайыңыз. Қажет болса, онда сол әрекеттерді қайталаңыз.
2. Лимон қышқылы. Жаңа шайнекке максималды белгіге дейін сун толтырыңыз және әрқайсысы жиырма бес грамм болатын екі қап қышқыл салыңыз. Ерітіндіні қайнатыңыз да бір түнге қалдырыңыз. Таңертең қайтадан қайнатыңыз, ерітіндіні төгіңіз, содан кейін шайнекті ағынды сумен шайыңыз.
3. Лимонның қабығы. Шайнекке жарты лимон қабығын салып толтырыңыз және максималды белгіге дейін су құйыңыз. Қайнатыңыз да бір түнге қалдырыңыз (кем дегенде 12 сағатқа). Содан кейін қайтадан қайнатыңыз, шайнектің қабығын алыңыз да, ішіне ағынды сумен шайыңыз.
4. Сірке қышқылы немесе сірке қоспасы. Шайнекке су құйыңыз, жарты стакан 9% сірке суын немесе екі ас қасық 70% сірке суын қосыңыз. Ерітіндіні қайнауға жеткізбей-ақ шайнекті қыздырыңыз, өйткені ол қайнаған кезде шетінен асып төгілуі мүмкін. Мұндай жылытуды 2-3 рет жүргізіп, ерітіндіні төгіп, шайнекті ағынды сумен шайыңыз.
5. Ас содасы. Суды жоғарғы белгіге дейін құйыңыз, үш ас қасық ас содасын қосыңыз, суды қайнатыңыз, салқындағанша күтіңіз және қайтадан қайнатыңыз. Содан кейін бүкіл ерітіндіні төгіп, шайнекті ағынды сумен шайыңыз.

Техникалық сипаттамалар

- Моделі: DL-13ST.
- Қуаттау параметрлері: 220-240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 1850 - 2200 Вт.
- Көлемі: 1.7 л.
- Корпусының материалы: пластик.
- Қыздыратын элементтің материалы: тот баспайтын болат.
- Жарық индикаторы бар қосатын батырма.
- Судың деңгейін көрсеткіш.
- Автоматты ашылатын қақпағы.
- Сусыз қосылуынан бұғаттау.
- Қайнаған кезде автоматты өшіру.
- Байланыс тобы STRIX (15 000 қайнау циклына кепілдік береді).
- Қолдану аясы: тұрмыстық.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын тұрғын-жайларында өндірушінің қаптамасында +5°C бастап +40°C дейінгі температурада және 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Тұрғын-жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасмалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесіңіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуандун Синьбао Электрикал Эпплайнсис Холдингс Ко., Лтд.
Чжэнхэ оңтүстік тас жолы, Лэлю, Шуньдэ ауданы, Фошань қ., Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе,
Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары сапасын жақсарту үшін алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы:

www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және айырбастау уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club